

Зейнетақыларды, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1999 жылғы 12 сәуір N 59-б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 мамырда тіркелді. Тіркеу N 776. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-П бұйрығымен. ~V011432

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 328-1 Z980328_ , "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы N 318-1 Z980318_ , "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 365-І Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Зейнетақыларды, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қоса берілген нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу жасалған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықтық әлеуметтік
қорғау министрінің
1999 жылғы 12 сәуірдегі
N 59-б бұйрығымен
бекітілген

Зейнетақыларды, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі
Нұсқаулық

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік
орталықтың аудандық (қалалық)
бөлімшелерінің жұмысы

1. Зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың қолданылып жүрген іс қағаздары бойынша (мүгедектік тобын ұзартуға, тұратын жерін ауыстыруға байланысты т.б.) және арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға арналған тиісті анықтамалар мен зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға керекті құжаттар Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (бұдан әрі - ЗТМО) аудандық (қалалық) бөлімшесіне келіп түседі.

2. Зейнетақы төлемдері мен мемәлеуметжәрдемақылар мөлшерін түрлі себептермен өзгерте отырып, оларды одан әрі индекстеу мен өсіруді (қайта есептеуді) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы өкілдіктері қолданылып жүрген заңдарға және нормативтік актілерге сәйкес ЗТМО аудандық бөлімшелері ұсынған шешімдер жобасы бойынша жүргізеді.

3. Зейнеткерлер мен мемәлеуметжәрдемақы, әлеуметмемжәрдемақы алушыларды тағайындауға және төлеуге байланысты мәселелер туындаған жағдайларда ЗТМО аудандық бөлімшелері оларды сол жерде, қажет болған ретте өкілдік арқылы шешу үшін шаралар қолданады.

4. Елімізден тысқары жерге көшіп кетуші адамдарға зейнетақы іс қағаздары мен жәрдемақы алушылар іс қағаздары олардың қолына беріледі.

5. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері Азаматтардың хал-жағдайы актілерін тіркеу бөлімдеріндегі қатыс болған зейнеткерлердің тізімін ай сайын іріктеп алады.

6. Жаңа зейнетақы іс қағаздарын және мемәлеуметжәрдемақы мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың іс қағаздарын рәсімдеу өтініш түскесін 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

7. Еліміз ішінде көшетін зейнеткерлер мен мемәлеуметжәрдемақы алушыларға зейнетақы іс қағаздары және мемәлеуметжәрдемақы мен арнаулы мемжәрдемақы алушылар іс қағаздары өз қолдарына беріледі, ал зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемлекеттік жәрдемақы есептерінің көшірмелері ЗТМО аудандық бөлімшесінде қалады.

8. Алынбай қалған зейнетақы төлемдерін, мемәлеуметжәрдемақылар мен арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды, жерлеуге берілетін жәрдемақыларды ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері төлеуге қажетті мұқтаждықтарға өкілдіктер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес енгізеді.

9. Жаңадан тағайындалған зейнетақы іс қағаздары мен мемәлеуметжәрдемақы (арнаулы мемлекеттік жәрдемақы) алушылардың іс қағаздары ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелерінде жасалады.

Басқа мемлекеттерден осындай тәсілмен келіп түскен іс қағаздары жаңадан тағайындау рәсімінен өтеді.

10. Жаңадан тағайындалған зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы іс қағаздарының үлгісін олар бойынша шешімдер жобасымен қоса және тағайындалған арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері туралы шешімді ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі зейнетақы үшін - ЗТ формасымен, мемәлеуметжәрдемақы үшін МӘЖ нысанымен (үлгілері қоса беріледі) қоса электронды немесе қағаз түрінде ЗТМО-ның облыстық, Астана және Алматы қалалық бөлімшелері арқылы өкілдікке бекітуге жібереді.

ЗТ нысанының, МӘЖ және АМЖ нысанының хабарламалары үш данада толтырылып, оған шешім жобаларының қосымшалары қоса беріледі.

ЗТ, МӘЖ және арнаулы МЖ нысандарының екі данасы іс қағаздармен немесе олар бойынша жасалған шешімнің жобасымен қоса ЗТМО облыстық және қалалық бөлімшелері арқылы өкілдікке жіберіледі.

Зейнетақыны, мемәлеуметжәрдемақыны және арнаулы мемжәрдемақыны жаңадан тағайындау жөніндегі істерді өкілдіктер жедел қарауы үшін ЗТМО қалалық (аудандық) бөлімшелері жаңадан тағайындалған зейнетақы және мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы істерінің орнына зейнетақының, мемәлеуметжәрдемақының және арнайы мемжәрдемақының тағайындалған мөлшері туралы шешімнің жобаларын жіберуіне немесе оны электронды түрде жіберуіне болады.

Хабарламаның үшінші данасы шешім жобасының бекітілгендігі немесе бекітілуден бас тартылғандығы (және/немесе қайта ресімдеуге ескерту жасалған немесе бас тартылған) туралы белгі соғылған хабарламаның екінші данасы

жаңадан тағайындалған істермен қоса қайтып келгенге дейін аудандық (қалалық) бөлімшелерде бақылауда қалады.

Орындалғандығы туралы белгі қойылған хабарламаның бірінші данасы өкілдіктерде қалады және жоба шешімдерінің бірінші данасымен қоса папкаға тігіледі.

Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті қызметтері арнайы мемжәрдемақының тағайындалған мөлшері туралы шешімді үлгісі қоса беріліп отырған хабарламаның (ф.ВЛ-1) белгіленген нысаны бойынша ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелеріне жібереді.

11. Жаңадан тағайындалған істердің деректері зейнетақы төлемдері, мемәлеуметжәрдемақы және арнайы мемжәрдемақы мөлшері туралы шешімдер жобасы өкілдікте бекітілгенге дейін ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелеріндегі компьютерде зейнетақы және мемәлеуметжәрдемақы және арнайы мемжәрдемақы бойынша жеке базада сақталады.

12. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері ЗТ, МӘЖ және арнайы МЖ нысандарының хабарламаларын бекітілген немесе бекітуден бас тартылған шешімдер жобаларымен қоса алғаннан кейін өзінде құжаттың қозғалысы туралы белгі соғып, содан кейін ЗТМО-ның тиісті аудандық (қалалық) бөлімшелеріне жібереді.

13. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері ЗТМО облыстық бөлімшесінен шешімдер жобасын бекіту туралы хабарламаны алғасын құжаттарды тиісінше өңдеуден өткізеді:

- зейнетақы істері және мемәлеуметжәрдемақы мен арнаулы мемжәрдемақы істері нөмірленіп, Тіркеу кітабында тіркеледі;

- зейнетақы істері мен мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы алушылардың істері компьютердегі деректер базасымен салыстырылып, қажет болған реттерде тиісінше түзетулер енгізіледі, ал зейнетақы істері мен мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы алушылардың істері туралы нақты дерек негізгі деректер базасына жеке-жеке көшіріледі;

- зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы төлеу бойынша есеп карточкалары (N 2, N 2пос нысандары) ашылып, одан әрі зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы төлеуге арналған, осыған құқығы бар адамдардың тізімдеме-тізімін қалыптастыру бойынша тиісті жұмыс жүргізіледі;

- ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері 1999 жылдың 1 сәуіріне дейінгі зейнетақы істері мен мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы алушылардың істері бойынша зейнеткерлер мен мемәлеуметжәрдемақы алушыларға (жоғалтып алғанда) куәлік жазып береді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің зейнетақы және жәрдемақы тағайындау
жөніндегі облыстық, Астана және Алматы қалалық
өкілдіктерінің жұмысы

14. Жаңадан тағайындалған зейнетақы істері мен мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы алушылардың істері олар бойынша қабылданған шешімнің жобасымен бірге ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелерінен ЗТ, МӘЖ және арнаулы МЖ нысандарының хабарламалары бойынша ЗТМО облыстық бөлімшесі арқылы өкілдікке келіп түседі.

15. ЗТМО облыстық бөлімшесінен келіп түскен жаңадан тағайындалған зейнетақы істері мен мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы алушылардың істері олар бойынша қабылданған шешімнің жобасымен бірге ЗТ, МӘЖ және арнаулы МЖ нысандарының хабарламаларымен қоса өкілдікте жеке-жеке тіркеу кітабында тіркеледі, одан кейін құжаттар өкілдік мамандарының қарауына (тексеруге) ұсынылады.

16. Зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы тағайындау жөніндегі құжаттарды тексеруді облыстық (Астана және Алматы қалалық) өкілдіктері жүргізеді.

17. Зейнетақы істері мен мемәлеуметжәрдемақы және арнайы мемжәрдемақы алушылардың істерін, арнаулы мемжәрдемақының тағайындалған мөлшері туралы шешімді тексеру және оларды өкілдікте бекіту құжаттар түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

18. Зейнетақы төлемдерін, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы тағайындаудан бас тартқан жағдайда өкілдік бас тартудың себептерін көрсете отырып, өтініш иесіне жазбаша түрде хабарлауға және бас тартқан істерді, зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы алу үшін ұсынылған құжаттарды ЗТМО облыстық бөлімшесі арқылы ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесіне қайтаруға міндетті.

19. Өкілдіктің зейнетақы, мемәлеуметжәрдемақы және арнаулы мемжәрдемақы тағайындау немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға болады.

20. ЗТ, МӘЖ және арнаулы МЖ нысандары хабарламаларының бекітілген немесе бекітілуден бас тартылған шешім жобасының орындалғандығы туралы белгі соғылған немесе ескерту жасалған бірінші данасы өкілдікте қалады және папкаға тігіледі.

ЗТ, МӘЖ және арнаулы МЖ нысандары хабарламаларының бекітілген немесе

бекітілуден бас тартылған шешім жобасының орындалғандығы туралы белгі соғылған (және/немесе қайта рәсімдеуге ескерту жасалған немесе бас тартылған) екінші даналары ЗТМО облыстық бөлімшелеріне жіберіледі.

21. Өкілдік зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі жұмыстарға ай сайын талдау жүргізіп, жоғары органдарға тиісті ақпарат әзірлейді.

22. 1999 жылдың 1 сәуірінен бастап жаңадан тағайындалған зейнеткерлер мен мемәлеуметжәрдемақы алушылардың істері бойынша куәліктерді өкілдіктер жазады, ал куәліктерде (куәліктің үлгісі қоса беріледі) кейіннен енгізілетін өзгерістерді ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері енгізеді.

Мамандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.